

УҒАН ӨЛКЕ



ЖЕЛЕЗИН АУДАНДЫҚ ГАЗЕТІ ♦ 2011 ЖЫЛҒЫ 2 ШІЛДЕДЕН ШЫҒАДЫ

Қымбатты отандастар!

Өткен жексенбіде Ақтөбе қаласында діннің атын жамылған бір топ террорист елдің тыныштығын бұзды. Ол туралы баршаңыз білесіздер. Бірақ, мұсылман қауымы үшін қасиетті Рамазан айы басталар сәтте қанды қылмыс жасағандардың арам ниеттері іске асқан жоқ. Құқық қорғау және қауіпсіздік қызметтерінің қызметкерлері үлкен қатердің бетін қайтарды. Террористердің көпшілігінің көздері жойылды, бірқатары қолға түсті, қалғандарын тиісті органдар іздеп тауып, олар заңның ең қатаң талаптарымен жазаға тартылатын болады. Қазір халықтың алаңдауына ешбір негіз жоқ, жағдай толық бақылауға алынды.

Мен қайтыс болғандардың отбасыларына, туыс-туғандарына шын жүрегіммен көңіл айтамын. Қаза тапқан әскери қызметкерлер отан алдындағы антына адал болып, ел қауіпсіздігі жолында өшпес ерлік көрсетті. Олардың ерліктері мемлекет тарапынан лайықты бағаланатын болады. Оның үстіне 4 азамат қайтыс болды, бәрі Ақтөбенің тұрғындары. Сондықтан, мен ертеңгі бейсенбі, 9-маусым күнін Жалпыұлттық аза тұту күні деп жариялаймын. Қаза болғандардың артында отбасы, бала-шағалары қалды. Менің тапсырмам бойынша, оларға барлық қажетті көмектер жасалуда.

Тәуелсіздікті жариялау бар, ал оны қорғап, нығайту және дамыту одан да жауапты іс. Ел бірлігі, ішкі тыныштық сол үшін керек. Мен мұны ылғи айтып келемін. Ел ішіне бүлік салудың, «түсті революциялардың» талайын басқа елдерден көріп, біліп отырмыз. Ол

Мемлекет басшысының мәлімдемесі



лаңкестік әрекеттерден, көшеге шығып шулаудан басталады. Одан конституцияға қарсы шығады да, аяғында мемлекет күйреп, халық аш-жалаңаш қалады. Мұның бәрін біз көріп, біліп, байқап отырмыз.

Біріншіден, біз кез-келген сипаттағы экстремизм мен терроризмге қарсы заңдарды қайта қарап, бұл құбылысқа қатаң тойтарыс беру жайын ойластыруымыз керек. Қолына қару алып, кісі өлтірген адам өлім жазасына кесілуі қажет. Екіншіден, елдігімізге сына қағатын зұлымдықтардың ымырасыз жолын кесуіміз қажет. Ел тыныштығын сақтамасақ мынадай әлемдік дағдарыстан өте алмаймыз. Сондықтан барша халық болып бірігіп, елді сақтауды ойлауымыз керек.

Қымбатты қазақстандықтар!

Ел іші бүтін болмаса, ел де болмайды. Қазір – нағыз елім, жерім деген отансүйгіштікті көрсететін уақыт. Халқымыздың қауіпсіздігі мен тұтастығы үшін бәріне де дайын екенімізді көрсететін кез келді. Қауіпсіздік пен тұрақтылық, бейбітшілік пен келісім – ең басты байлығымыз. Біз тәуелсіздігіміздің тірегі болған бұл құндылықтарды көздің қарашығындай сақтаймыз.

Мен Қазақстан халқы дүниедегі дағдарыс және бүгінгідей жауапты шақта тағы да барша әлемге елдігі мен бірлігін паш етеріне сенемін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Н. Назарбаев,
Қазақстан
Республикасының
президенті.

8 маусым 2016 жыл. Akorda.kz

Абай болыңыздар!

Ағымдағы жылғы 5-6-маусымда Ақтөбе облысының аумағында террористерді бейтараптандыру бойынша антитеррористік операция өткізілді.

Қалыптасқан жағдайды ескере отырып, терроризммен күрес жөнінде республикалық жедел штабтың басшысы – Қазақстан Республикасы ҰҚК төрағасы, генерал-лейтенант В.З. Жұмақанов 2013 жылғы 9-тамыздағы № 611 ҚР Президентінің «Терроризм актісі қатерінің туындауы туралы ақпарат мониторингін және халықты хабардар етудің мемлекеттік жүйесінің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуі қағидаларын бекіту туралы» Жарлығымен бекітілген ереженің 4-тарауына сәйкес Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстары, Астана және Алматы қалаларының аумақтарында террористік қауіптіліктің бірқалыпты «сары» деңгейін 40 тәулікке орнатты.

Осыған байланысты мемлекеттік органдар өткізіп отырған жұмыстарға түсіністікпен қарауларыңызды сұраймыз.

Иесіз жатқан заттарға (сөмкелерге, қораптарға, бумаларға, қаптарға, жол сандықтарға және т.б.), әсіресе сымдары және техникалық құрылғылары бар заттарға, сондай-ақ қоғамдық орындарда және көлікте күдікті адамдарға назар аударыңыздар.

Күмәнді заттарға жоламаңыздар.

Күмәнді заттарды әсіресе, бейтаныс адамдардан сақтауға немесе тасымалдауға алмаңыздар.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің құжаттарды тексеру кезіндегі іс-әрекетіне түсіністікпен қараңыздар және оларға барынша ықпал жасаңыздар.

Дүрлігуге жол бермеңіздер және мемлекеттік органдардың ресми ақпараттарын басшылыққа алыңыздар.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2016 жылғы 13-маусым күні сағат 15.00-де аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында 6-сайланған Железин ауданы мәслихатының кезекті 3-ші сессиясы өткізіледі.

Сессияның қарауына келесі мәселелер енгізіледі:

1. Железин ауданы мәслихатының 2015 жылғы 24-желтоқсандағы «Железин ауданының 2016-2018 жылдарға арналған бюджеті туралы» №338-5/45 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

2. Өртүрлі.

Сессияға аудан әкімі, аудан әкімінің орынбасарлары, ауданның ұйымдары, мекемелерінің басшылары, БАҚ өкілдері шақырылады.

Тұрақты комиссияның отырысы 2016 жылғы 13-маусым күні сағат 11.00-де өтеді.

Өткен аптаның жұмасында Павлодар облысының әкімі Болат Жұмабекұлы Бақауов Железин ауданына жұмыс сапарымен келіп, ауданның тыныс-тіршілігін көзбен көріп, ауылшаруашылық және әлеуметтік салалардағы бірқатар мәселелерге назар аударды.

Сапар басы «Пахарь» шаруа қожалығы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің агроқалашығынан басталды. Шаруашылық құрылымының жағдайымен танысып, қалашықтағы жаңадан салынған нысандарды аралап көрген аймақ басшысына жалпы құны 8 миллиард теңге болатын іргелі жобаны қолға алған «Пахарь» ШҚ ЖШС-нің бас директоры

Аймақ басшысы ауданға жұмыс сапарымен келді

Р.О.Аушев жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы жан-жақты ақпарат берді.

Руслан Османовичтің айтуынша, агроқалашық аумағындағы суармалы егіс алқабының көлемі 8200 гектар. Суармалы егіс алқабында 26 су бүркетін машиналар бар. Ертіс өзенінен су соратын 16 насосты станция салынған, 8 насос жұмыс істейді

8-і резервте тұр. 160 мың текше метр су жиналатын тоған салынған. Осы тоғанның суымен егіс алқаптарындағы 1504 гектар арпа, 266 гектар бір жылдық шөп, 1600 гектар көпжылдық шөп, 165 гектар картоп, 383 гектар жүгері суарылады.

(Жалғасы 3-бетте)



Айбатымның айғағы – Рәміздерім!



Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – әрбір қазақстандықтардың абыройлы міндеті. Өйткені, біз мемлекеттік рәміздерімізді құрметтеу және қастерлеу арқылы елімізге, мемлекетімізге деген ізгі ниетіміз бен шын ықыласымызды білдіреміз.

Мемлекеттік рәміздерді отансүйгіштікке тәрбиелеудің негізгі әдістеріне айналдыру мәселесі бірнеше кезекте қарастырылғаны абзал. Мәселен, шығу тарихына деген қызығушылық, құрмет және мақтанш сезімдерін орнықтыру арқылы қазақстандықтарды ұлтжандылыққа тәрбиелеу жұмыстарының жүйелілік сипат алуын күшейтеу керек.

Жуырда Железин №3 жалпы білім беретін орта мектепте Қазақстан Республикасының мемлекеттік Рәміздері күніне арналған салтанатты шара өтті. Бірінші кезекте жиынға қатысушылар «Мемлекеттік рәміздер – елдігіміз бен бірлігіміз» атты бейнероликті тамашалады.

Е. Сәлім.



Құрметті кәсіпкерлер!

Прокуратура органдары қызметінің басым бағыттарының бірі – заңнаманы сақталуын қадағалау, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау.

Мәселенің өзектілігін ескере отырып, прокуратура органдары кәсіпкерлердің құқығын қорғау мақсатында, мобильді топтар жобасын құрды, оның ішіне кәсіпкерлер палатасының өкілдері кірді.

Мобильді топтың басты қызметі құқық бұзылу фактілерін азайту мен алдын алуға және өзге де мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың, кәсіпкерлердің қызметіне шек қоюға бағытталған.

Ағымдағы жылдың 1-маусымында аудан прокуратурасы кәсіпкерлердің құқығын қорғау заңнамасын нығайту мақсатында, сондай-ақ прокуратура органдарымен субъектілер арасында «Шенеулік және кәсіпкер» атты акциясын өткізді.

Сіз құқық бұзу мәселелері және өзге де сіздің қызметіңіздің шектелуі жөнінде аудан прокуратурасына, Железинка ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 40 мекенжайында орналасқан аудан прокуратураның жеке қабылдауында айтып, сондай-ақ, 2-22-57, 2-17-45 телефон байланысы арқылы жолдауыңызға болады.

Железин ауданының прокуратурасы.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасындағы жаңа өзгерістер

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына жаңа өзгерістер енгізілді.

Бір мәселе бойынша оннан астам тұтынушылардың құқықтарын бұзған жағдайда сотқа шағым беру құқықты, тауарларды сату, қайтару және ауыстыру үшін қойылатын талаптарды қою, тұтынушыларға ақпаратты уақытында жеткізбеген үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 193-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілік қарастырылды, нақты саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғау жоғдайы бойынша уәкілетті органдарына есеп жүргізу, сатушы арқылы тауарға сараптама жүргізу, тауарды сатып алғанды дәлелдейтін және растайтын жаңа құралдар (фото, видео фиксация) беру, тұтынушылардың құқықтарын бұзатын жағдайлары бойынша келісім-шарттың мазмұнына қойылатын талаптар белгіленгенді.

Жалпы өзгерістер мен толықтырулар денсаулық сақтау саласындағы әкімшілік және азаматтық-құқықтық қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының 3 кодексіне және 6 заңына енгізілді.

*Железин ауданының
Тұтынушылар құқықтарын қорғау бөлімі.*

Мүлікті жария ету рәсімдеріндегі жаңа тәсілдер

2015 жылдың 13-қарашасында Елбасы «Мүлікті жария ету мәселелері» жөнінде заңға қол қойды, ал, ол өз кезегінде оны жүзеге асыруға жаңа тәсілдерді анықтады. Ақшаны жария ету рәсімдері оңтайландырылды.

Енді ақшаны екі тәсілмен жария етуге болады. **Бірінші тәсіл:** олар банк шоттары арқылы көрсету және өз қажеттіліктеріне қолдану, мысалы: бизнеске салу, жылжымайтын мүлік сатып алу және шешіп алу, т.б. **Екінші тәсіл:** шетелдегі немесе жеке айналымдағы ақша, оларды банк шоттарында өтініш түрінде көрсетпей жария етуге болады. Сонымен бірге, бюджетке 10% алым төленеді.

Сонымен қатар, мүлікті жария ету тәсілдері оңтайландырылды. Жария ету субъектісі Қазақстан аумағында орналасқан және осыдан бұрын дұрыс рәсімделмеген жылжымайтын мүлікті жария етуге байланысты әкімдік жанындағы комиссияға жүгінеді.

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан және басқа тұлғаға рәсімделген мүлікті жария ету үшін тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органына арнайы декларацияны және тиісті құжаттарды тапсыру қажет. Жоғарыда аталғанның барлығы Қазақстан Республикасынан тыс жерде орналасқан мүлікті жария етуге қатысты.

Елбасы атап өткендей, «Жария ету – ең соңғы мүмкіндік, өйткені, кейін ешкімге осындай көмек берілмейді. Жария ету – бұл жаппай декларация алдындағы ең соңғы акт». Осы акция аяқталған соң, әлем бойынша шетел шоттарындағы барлық ақпарат тексерілетін болады. Заңдағы болжамдар бойынша біріншіден – шетел шоттары бойынша ақпаратты жасырғаны үшін әкімшілік жазалар күшейтілді, екіншіден – шетелде орналасқан мүлікті міндетті мағлұмдау.

Жария ету субъектілеріне қосымша кепілдік беру мәселесіне ерекше тоқталып өткен жөн. Мүлікті жария етуге қатысты кез келген ақпарат салықтық және банктік құпия болып саналады. Жария ету комиссиясының, мемлекеттік кіріс органдарының, екінші деңгейлі банк пен Қазпошта бөлімшелерінің қызметкерлері жария ету туралы ақпаратты үшінші тұлғаларға жариялауға құқылы емес. Осындай ақпаратты жариялағаны үшін қылмыстық жаза қарастырылған. Осыдан басқа жария ету субъектілері құқық қорғау және басқа да органдар жағынан заңға қайшы әрекеттерден қорғалған.



Мемлекеттік рәміздер күнін мерекелеу

Мемлекеттік рәміздер күнін мерекелеу қазақстандық азаматтық біртектілікті, патриотизмді және ұлт бірлігін нығайту бойынша мемлекеттік саясаттың негізгі элементі болып табылады.

2016 жылғы желтоқсан айында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күнін мерекелеу қағидалары бекітілді.

Мереке «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» 2007 жылғы 4-маусымдағы ҚР Конституциялық заңына қол қойылған күнге орайластырылған.

Осы қағидаларға сәйкес Мемлекеттік рәміздер күні жыл сайын еліміз бойынша барлық жерде мерекеленеді.

Мемлекеттік рәміздер күнін мерекелеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерімен безендірілген үй-жайларда салтанатты түрде мемлекеттік және қоғамдық қайраткерлердің, мәдениет, білім және ғылым, экономика және қаржы, сондай-ақ басқа да салалардың белгілі өкілдерінің қатысуымен өткізіледі.

Мемлекеттік рәміздер күнін мерекелеуге арналған ресми және салтанатты рәсімдер, спорттық іс-шаралар ҚР Мемлекеттік Туын салтанатты жағдайда көтеру және тігумен басталады және Мемлекеттік Гимн орындалады.

Ресми және салтанатты рәсімдер, спорттық іс-шараларда ҚР Мемлекеттік рәміздер күнін мерекелеуге арналған құттықтау, сондай-ақ оның тарихы, маңызы және маңыздылығына арналған сөздер ұйымдастырылады.

Мемлекеттік рәміздер күнін мерекелеу шеңберінде өткізілуі мүмкін:

- ҚР Мемлекеттік Гимннің бір мезетте орындау жөніндегі шарасы;
- медальдарды, төсбелгілерді,

ведомстволық наградаларды, құрмет грамоталарды және алғыс хаттарды табыстау;

- жаңа нысандардың, ұйымдардың ашылуы;
- әкімшілік мемлекеттік қызметшілерге ант қабылдануы;
- Қазақстанның мемлекеттілігі мәселелері бойынша ғылыми-практикалық конференциялар, форумдар, мәжілістер, дөңгелек үстелдер;

- кітапханалар мен музейлерде ҚР Мемлекеттік рәміздеріне арналған тақырыптық көрмелер мен экспозициялар;

- көрнекті саяси, еңбегі сіңген және қоғам қайраткерлерінің сұхбаттары мен жарияланымдарын, тақырыптық бағдарламалар циклдарын шығару;

- мемлекеттік рәміздерді дәріптеуге, өз еліне деген мақтанш және отанына деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға, тәрбиелеуге бағытталған конкурстар, викториналар;

- мемлекеттік рәміздерді насихаттауға бағытталған басылым және естелік өнімдерін шығару;

- Мемлекеттік рәміздер күнін мерекелеуге арналған өзге де шаралар.

Мемлекеттік рәміздер күнін мерекелеуде ақпараттық сүйемелдеу шеңберінде мемлекеттік заңды тұлғалар Мемлекеттік рәміздер күніне арналған шараларды бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жария ету жөніндегі шаралар қабылданады.

Жергілікті атқарушы органдар тарапынан мемлекеттік рәміздер күнін ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ, ақпараттық сүйемелдеу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді және бекітеді.

Ішкі саясат бөлімі.

Мерейлі отбасы марапатталды

Ағымдағы жылдың 3-маусым күні Мемлекеттік «Мерейлі отбасы» конкурсының екінші облыстық кезеңі өтті. Байқаудың мақсаты – отбасының мәдени бейнесін және адамгершілік құндылықтарды жандандыру, мәртебесін жоғарлату болып табылады.

Биыл конкурсқа Железин ауданынан – Гринев, Абельдинов және Жаманбалинов, барлығы үш отбасы ұсынылған болатын.

Екінші облыстық кезеңнің қорытындысы бойынша Гринев және Абельдинов отбасылары Алғыс дипломымен марапатталды. Құттықтаймыз!

Ішкі саясат бөлімі.

Лаңкестікке қарсы мәдениетті қалыптастыру



Мемлекеттік қызметкерлердің құқықтық мәдениетін жетілдіру мақсатында, Железин ауданы Әділет басқармасының басшысы В.А. Гурина Прииртышск селолық округінде «Қоғамда лаңкестікке қарсы мәдениетті қалыптастыру» тақырыбында лекция өткізді.

Бұл шарада 2015-2025 жылдарға арналған Лаңкестікке қарсы стратегияның негізгі ережелері, сондай-ақ, бірінші институционалдық реформаның басым міндеттері түсіндірілді.

Алименттерді өндіріп алу мәселелері

Железин ауданының Әділет басқармасы Железин ауданының прокуратурасымен бірлесіп отырып, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының 2016 жылдың өткен кезеңінде алименттерді өндіріп алу жөнінде жедел жиын отырысын өткізді.

Аталмыш шара 2016 жылғы 29-сәуірдегі Павлодар облыстық Әділет департаментінің алқа отырысы хаттамасын орындау аясында ұйымдастырылған.

Мәжілісте алимент төлеу проблемалары, борышкерлерді жұмысқа орналастыру және жұмыссыздар ретінде есепке алу сұрақтары талқыланды. Сондай-ақ, ауданның ішкі істер органдары және жергілікті полиция қызметінің сот орындаушыларына көмек көрсету мәселелері қарастырылды.

А. Сәлім.

Аймақ басшысы ауданға жұмыс сапарымен келді

(Басы 1-бетте)

Бұл жердегі салынып жатқан мал тұрағы құрылыс нысандары 4500 бас өсім беретін, 9000 бас ет бағытындағы мүйізді ірі қара мал өсіруге арналған. Шаруашылық құрылымы өсімдік өсіру, мал азығын дайындау, мал өсірумен айналысып, ет өндіретін болады. Өнім Қазақстан Республикасы аумағында және Кедендік одаққа мүше елдерге сатуға шығарылады. Мұндағы жұмысшылар саны 70 адам. Қалашықта 12 пәтерлі 2 қабатты 4 тұрғын үй, дүкен, асхана, спортзал, бассейні бар мәдени-сауықтыру кешені жұмыс істейді.

Сонымен қатар, 12 мың тонна көкөніс сақтау қоймасының құрылысы өткен жылы аяқталды. 4200 бас өсім беретін 8 мал тұрағы, 30 мың тонна сүрлем сақтауға арналған орындардың құрылысы салынды. Қазіргі таңда шаруашылыққа Австралиядан әкелінген салмағы 300-350 келі болатын ет бағытындағы 1202 бас «Ангус» асыл тұқымды ірі қара малдың қашарлары әкелініп,

карантиннен өткен соң қолдан ұрықтандырылды. 1200 басқа арналған сауын мал тұрағының құрылысы бітуге жақын, ағымдағы жылы аяқталады, деді.

Болат Жұмабекұлы шаруашылық базасында жиынға қатысушы шаруа қожалықтары иелерімен кеңес өткізіп, облыс аумағындағы басқа аудандардан келген шаруа қожалықтары басшыларына осы құрылыммен әріптестік қарым-қатынас орнатуды ұсынды. «Пахарь» ШҚ ЖШС басшылығын бүгінде іске асырылып жатқан ірі жобаның жоспарымен өңірдегі басқа шаруалармен бөлісуге шақырды.

Облыс әкімі Башмачное ауылдық округінің жерінде орналасқан «Алтынды ПВ» ШҚ ЖШС-нің де жұмыс-шаруасын көзбен көріп, шаруашылықтың жағдайына қанықты. Бұл құрылымның жұмысы жайлы шаруашылық басшысы Қуаныш Қапкенұлы Қабиденов ақпарат берді. 2011 жылы құрылған



шаруашылық иелігіндегі 5400 гектар алқаптың 750 гектары суармалы егістік. Жұмысшылар саны 30 адам.

Жұмыс сапарын жалғастырған облыс басшысы Еңбекші ауылдық округі, Уәлиханов ауылындағы «СтройБиоРесурс» ЖШС-де болып, ағаштан құрылыс материалдарын әзірлейтін, ағаш тілетін және сүргілейтін құрылым басшысы Дәулет Қайруллинұлы Асылловтың айтқан мәліметін тыңдап, шаруаларымен танысты.

Бұл жобаның бастапқы кезеңіне 350 миллион теңге ақша салынды. Ағаш өңдеуді жетілдіріп, қалдықсыз өнім шығару қолға алынатын жобаның екінші кезеңінің құны 450 миллион теңге болады. Бүгінді мұнда 70 адам жұмыспен қамтылған.

Д.Асылловтың айтуынша шаруашылық экологиялық тепе-теңдікті сақтай отырып, өңірдегі игерілмеген ағаш шикізатын ішкі және сыртқы экспортқа бәсекелестікке сай өнім ретінде шығаруды, ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсартуға әсер ететін ағаш өндірісін жолға қоюды мақсат етіп отырғанын жеткізді.

Аймақ басшысы жергілікті тұрғындар бұл құрылымның көп көлемде ағаш кесуін өңір табиғатына зиян келтіру деп шағымданып жатқандарын айтып, бұл туралы не айтатынын сұрады.

Дәулет Қайруллинұлы қайың ағашы 60 жылдан соң табиғи жолмен құрап, жоғалады. Егер қайың солмай

тұрып, шырыны бойында тұрған кезінде кесіп алса орынына жаңадан ағаш өсіп шығады. Бұл ғылыми түрде дәлелденген деген уәж айтып, кесілген ағаш түбірлерінен көктеп шыққан өскіндерді көрсетті.

Алдағы уақытта ағаш жоңқасы қосылған құрылыс материалдарын шығару, жүк тасуға арналған ыдыстар жасауды көздеп отырмыз, деді құрылым басшысы.

Жұмыс сапары барысында Ескара ауылына атбасын тіреп, ауыл мектебінің жағдайымен танысқан Болат Жұмабекұлы, ауыл тұрғындарымен жүздесіп, өтініш-тілектерін тыңдады. Есқаралықтар ауылға ұялы байланыс қажеттігін айтып, осы мәселені назарда ұстауын өтінді.

Михайловка ауылдық округіне барғанда облыс әкімі осындағы екі жыл бұрын жұмысын тоқтатқан агроколледжінің ғимаратын және оның жатақханасын аралап көріп, аудан басшылығына оқу орынының иелігіндегі пайдаланылмай жатқан жер мен ғимараттарды ауылдық округ аймағында өндіріс орынын ашуға ниет білдірген инвесторлар болса соларға ұсынуды тапсырды. Жалпы ауылдық округ аумағында игерілмей жатқан құнарлы жерлердің аз емес екенін айтқан аймақ басшысы, осы жерлерді мүмкіндігі бар инвесторларға жалға беру мәселесін қарастырды міндеттеді.

Сапары барысында Железин ауданының автокөлік жолдарының әбден тозығы жеткенін атап өткен облыс әкімі бұл мәселені назарда ұстайтындарын айтты.

М. Мұхамет.

ҰБТ қорытындысы шығарылды

Железин ауданы бойынша 2016 жылғы Ұлттық бірыңғай тестілеуге 90 түлектің 67-сі (74,4%) қатысты. Тестілеу қорытындысы бойынша орташа көрсеткіш – 81,31 балл (2015 жылы – 72,4 балл). 12 түлек 100-ден жоғары балл жинаған.

Железин №3 ЖББОМ түлегі И.Иксанов ҰБТ-да 119 балл жинап, тестілеуді кілең 5-ке тапсырды.

Ал, Железин №3 ЖББОМ түлегі Д.Қадырова мен Железин №3 ЖББОМ түлегі И.Кишубаева жалпы орта білім жөніндегі үздік аттестат иегерлері атанды.

Т. Дәулетов,
ауданның білім
бөлімінің басшысы.

Партия бақылауында болады

8-ші маусым күні «Нұр Отан» партиясының аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, аудан мәслихатының депутаты Т.С.Сәрсеновтың басшылығымен, аудан мәслихаты депутаты, бірқатар мекемелер мен бөлім басшыларының қатысуымен кеңес өткізілді. Жиынның күн тәртібінде алдағы уақытта атқаратын жұмыстарына республикалық, облыстық және аудандық бюджеттен қаржы бөлінетін мекемелер мен бөлімдердің жұмысына партия тарапынан бақылау жүргізу жайы сөз болды.

Жұмысын партия бақылауына алғалы отырған бөлімнің бірі - аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің басшысы Н.М.Омельченконың өткен жылда атқарылған жұмыстар туралы есебі тыңдалды.

Есеп соңында қатысушылар, аудан мәслихатының депутаттары – В.И.Неупокоев, С.Қ.Қаңтарбаев, Д.В.Поддубный қатарлы партия мүшелері тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берілді.

Партия бақылау тобы екіге бөлініп, бірінші - әлеуметтік салалардың жұмысы мен қаржының тиімді игерілуін бақылайтын топқа аудан мәслихатының депутаты Ж.А.Тлепалдина жетекшілік етсе, екінші автокөлік жолдарына жүргізілетін жөндеу жұмыстарының сапасын тексеріп, мемлекет қаржысының көзделген мақсатқа жұмсалып, қадағалайтын топты бастау аудан мәслихатының хатшысы П.Э.Лампартерге міндеттелді.

Тексерісті ай сайын тұрақты түрде өткізіліп тұру тапсырылды.

Өз тілшіміз.

«Бизнестің жол картасы – 2020» – дағдарыстан кейінгі дамудың бағыт-бағдарын айқындайтын, қолдаудың нақты тетіктері мен жолдары көрсетілген кешенді бағдарлама. Яғни, экономиканың дағдарыстан дамуға қарай қадам басуына серпін береді.

«Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасын іске асырудың басты мақсаты – тұрғындардың табыс деңгейін арттыру. Алдымен, ол дербес жұмыспен айналысатын, жұмыссыздар мен табыстары аз қазақстандықтарды өнімділіктік жұмыспен қамтуға тартып, өз меншік ісін құруда немесе кеңейтуде азаматтарға көмек көрсету жолымен оларды табыспен қамтамасыз ету. Мемлекет басшысының тапсырмасымен, аталмыш бағдарламалардың іске асырылу мәселелері әрдайым жергілікті билік назарынан тыс қалмай келеді.

Аптаның сәрсенбісі, яғни 8-маусым күні Железин ауданы мәслихатының депутаттары – «Нұр Отан» партиясы фракциясы мүшелерінің отырысы өтті. Мониторинг тобының жиынын «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Т.С.Сәрсенов ашып, жүргізді.

Отырыста қаралған бірінші мәселе бойынша Железин ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Б.К.Нұрахметов «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында аудандағы шағын және орта бизнесті, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер мен өңдеушілерді қолдау бағдарламасының жүзеге асырылуы жөнінде мәлімдеме жасады.

Алқалы жиын өтті



Б.К. Нұрахметов



Т.Ж. Қожамжаров

Бөлім басшысы Бекболат Көкейұлының айтуынша, үстіміздегі жылы шағын және орта бизнесті несиелеуге «Азық-түлік корпорациясы» АҚ, «Демеу» қоры, «ҚазАгроҚаржы» АҚ, «Ертіс Агро» кооперативі арқылы жалпы көлемі 413,8 млн. теңге қаражат қарастырылған. Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы салаларында қарастырылған субсидиялау мәселелері шешімін табуда. «Пахарь» ШҚ ЖШС, «Алтынды-ПВ» ШҚ ЖШС сынды шаруашылықтардың ірі инвестициялық жобаларының іске асу барысы жөнінде мәлімдеді. Сонымен қатар, «Ракишев» ШҚ және өзге де инвестициялық жобалардың ресімделуіндегі, бірқатарының республикалық бюджеттен қаржыландырылуы сынды түйіні шешілмей жүрген мәселелерді ашып айтып, фракция мүшелерінің көмек көрсетуін өтінді.

Жиында көтерілген екінші мәселе тұрғысында кәсіпкерлер Палатасының аудандық филиалының директоры Т.Ж.Қожамжаров ауданда «Бизнестің жол картасы – 2020», «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламаларының атқарылу деңгейі, кәсіпкерлерге көрсетіліп отырған қолдау, ақпараттық және консультативтік көмек турасында баяндады. Үстіміздегі жылдың жоспары бойынша кірпіш зауытының құрылысы, Затон және Алексеевка көлдерінің конкурсқа шығарылуы, халық тұтынатын тауарлар саудасымен айналысатын кәсіпкерлерді демеу секілді жобаларға тоқталып өтті.

Алқалы жиынға қатысқан аудан мәслихатының хатшысы П.Э.Лампартер, Әділет басқармасының басшысы В.А.Гурина сөз сөйлеп, талқыланған сұрақтар төңірегіндегі ұсыныс, пікірлерін білдірді.

Е. Ахметсәлімұлы.



Веселая роща ауылына – 100 жыл



Ғасыр жасаған ауыл

ұжымшары құрылып, орталығы Михайловка селосы болған. Мұнда Славяновка, Благодатное и Тайсойған ауылдарының тұрғындары да кірген.

1932 году ұжымшар атауы «Красный партизан» болып өзгертіліп, алғашқы төрағасы болып Антон Худолей сайланған. Ауыл шаруашылығы техникасы өте жұпыны-тын. Жерді атпен, өгізбен жыртық. Ұжымшарда небары 4 соқа, 1 дән сепкіш қана бар еді. Көбінесе, егінді қолмен екен. Трактор мен машиналар 1933 жылы ғана пайда бола бастаған.

Ауылдың мектебі тұңғыш рет 1928 жылы салынған. Оған дейін ғимараттың болмауы себепті сабақтар шаруалардың үйлерінде жүргізілген.

Алғашқы мұғалім – діни семинарияны бітірген Матвей Петрович Марухин. 1934 жылы Тамара Павловна Макаренко болған. Соғыс алдындағы жылдары оқушылар саны өскен. Онда мектепте В.П. Шиллягин, ал Ұлы Отан соғысы жылдарында және одан кейінгі 1959 жылға дейін Евдокия Сурина, Виктор Кузьмич Исаков, А.С.Щегорцов, Василий Иванович Царько, Леонид Андреевич Сердюков, Павел Алексеевич меңгерушілік еткен. Тек, 1945 жылы 7 жылдық мектеп ашу ісі қолға алынған.

Төртінші шегініс. «Ұжымдасып еңбек етуге» кірісер алдында қазақ қожалықтарында 40 миллион қой бар еді, аштық салдарынан 1933 жылы 4-ақ миллионға әзер жетті. Аштық кезінде миллиондар мерт болды.

«Қазақстанда орын алып отырған адам төзгісіз ашаршылықтан қазақ халқы түгелдей қырылып қалудың аз-ақ алдында тұрғанын айтып ек, ол: «Бұл сары пәлекеттерден тек сондай жолмен ғана құтылуға болады», -деп жауап берді» (Н.Хрущев. 1956 жылғы СОКП-нің XX съезі. «Сталин және жеке басқа табыну» баяндамасынан үзінді).

Сөйтіп, қазақ сұрауы жоқтай қырылған үстіне қырыла берді. 1930-33 жылдар аралығында 2 миллион 300 мың қырылыпты. 1921 жылғы алғашқы аштық пен соңғы 32-дегі қырғынды қоссаңыз, қазақ 4 миллион азаматынан айырылыпты.

Соғысқа дейінгі уақытта Веселой рощада комсомол қозғалыстары қарқынды дамыған. Алғашқылардың қатарында Семен Кривонос, Степан Демиденко, Степан Василенко, Макарыч Громыко бар. Кейін комсомол қатарына қыздар да қабылдана бастады: Мария Чубарова, Мария Шарапова, Мария Бегунова, Полина Шендер, Ирина Герасименко.

Комсомол қыздар тракторшылар бригадасын ұйымдастырып, бигадирі етіп Мария Чубарованы сайлаған. Комсомол Полина Шендер жолдамамен Шымкент қаласындағы комсомол құрылысына жіберілген.

Барлық қиыншылықтарға қарамастан, мәдени-ағарту жұмысы жүйелі жүргізіліп тұрған. Көркемөнерпаздар үйірмесі ашылып, Раиса Василенко, Мария Болонец, Тамара Макаренко және басқалары белсенді қатысқан.

1937-1939 жылдары егіннің шығымы жақсы деңгейге жеткен. Бұл жылдары шаруалар күндік еңбекте 39 кг өнім жинаған. Ал, 1940 жылы 500-600 граммға

әзер жеткізген.

В 1941 жылы басталған соғыстан 107 адам оралмаған.

Ұлы отан соғысының алғашқы күндерінде-ақ Веселая рощадан өз еркімен майданға аттанғандар көп болды. Олардың ішінде Москва, Ленинград, Сталинград, Курск, Украина, Белорус, Берлин шайқастарына қатысқандар бар. Мәселен, Қ.Айсенов, Л.Горлов, Т.Лопухов, Г.Мурашов, А.Романенко, С.Салықов, Қ.Қиматов, И.Цехмейструк, П.Юрченко, Б.Аубакиров, Г.Майор, Н.Қалиасқаров, И.Гундарь Белорусияда «Заря» партизан бірлестігі құрамында партизан қозғалыстарына қатысқан.

Сонымен қатар, В.Ханецкий, Н.Дунькин, К.Зинченко, И.Садвокасов, М.Байжанов, М.Акимов, И.Шилин – сұрапыл соғыста ересен ерлік көрсеткен жандар.

Бесінші шегініс. Соғыс кезеңінде ауыл шаруашылығындағы жағдай төмендеді. Ауылшаруашылық еңбеккерлерінің саны 1939 жылмен салыстырғанда 1942 жылы 600 мыңға кеміген. Колхоз өндірісінде әйелдер еңбегінің үлесі артып, 1940 жылғы 48%-дың орнына 1942 жылы 75% -ға жеткен. 76 мың механизатордың 55 мыңнан астамы әйелдер болған. Бүкілодақтық социалистік жарысқа 10 мыңнан астам тракторшы қыз-келіншек қатысқан. 1942 жылы егіс көлемі 1941 жылмен салыстырғанда 842 мың гектарға көбейген. 1943 жылы 775 мың га жаңа жер алқаптары егістікке арналған. Сөйтіп, республика экономикасын соғыс жағдайына көшіру жүзеге асырылған. Соғыстың алғашқы күндерінен Қазақстан майдан қорына айналып, майдан мен тылдың қару-жарақпен, оқ-дәрімен, азық-түлікпен қамтамасыз етуші аймақ болған.

Соғыс жылдарындағы ауыртпалықтың барлығы әйелдер мен жасөспірімдерге түсті. Тылда еңбек етіп, Ұлы жеңіске зор үлестерін қосқандардың алдыңғы қатарында комсомол қыздар болды. Олардың ішінде М.Чубарова, М.Шарапова, М.Бегунова, П.Шендер, И.Герасименко, Е.Корж, Е.Покатыло, М.Покатылоны атауға болады. Ал, В.Божок, А.Шарапова, М.Лопухова, А.Демиденко, Е.Аникеева, А.Старжинская, М.Аникеева, А.Лупина, В.Ефименко, М.Покатыло, Е.Корж, С.Кноль, В.Кноль, Э.Кноль, А.Сизько, У.Дерунова, Р.Кривонос, М.Жиенбаева, М.Майор, М.Мостовая, В.Авдеев, Е.Подгорная, П.Стартова, Е.Покатыло, А.Романенко, М.Бреус, В.Пичугова, А.Гордейчук, Ж.Каскарбаев, Е.Соколова, А.Гундарь, Г.Васильев, В.Худолей, Н.Агеенко, Л.Гвоздикина, А.Войтаник, З.Нуртазина, А.Нажимов ҰОС жылдарындағы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

(жалғасы бар)

Е. Ахмет-Сәлім.

1916 жылы Итбол көлінің жағасында көшпелілердің шатырлы лагері құрылып, 46 отбасы тіршілік ете бастаған. Олардың ішінде болғандар (кейбірінің аты-жөні белгісіз, кейбір отбасылар мүлде ұмытылған):

- Федор Беленко (староста);
- Петр мен Анна Юрченколар;
- Игнат пен Дарья Худолейлер;
- Василий мен Федора Марченколар;
- Сидор Алексеевич Соколов;
- Никита мен Григорий Вайтанниктер;
- Яков Василенко;
- Иван Палий;
- Карп Зайвин;
- Григорий Вакуленко;
- Никифор Герасименко;
- Федот пен Анна Шараповтар;
- Петр мен Анастасия Марухиндер;
- Ганна мен Зиновий Бедновтар;
- Яков Зайка;
- Чернявский;
- Петр Тупиченко;
- Иван Козырно;
- Сидор Погадаченко;
- Степан Шарапов;
- Алексей Лихошерстный;
- Леонтий Чубаров;
- Никита Ефименко;
- Алексей Савин;
- Яков пен Михаил Романенколар;
- Мефодий Кривонос;
- Алексей Аникеев;
- Дмитрий мен Илларион Аникеевтар;
- Игнат пен Моисей Кирнустар;
- Дмитрий мен Анастасия Бегуновтар;
- Макарыч мен Яков Громыколар;
- Иван Гордиенко;
- Алексей Савин;
- Григорий Купенков;
- Пигуновтар;
- Иван Козырно.

Киер киімі, ішер асы таусылған, баспанасы жоқ көшпелілерді қазақ отбасылары барымен бөлісіп, мүшкіл халдеріне ортақтасып, жағдай жасаған.

1906-1916 жылдары елімізге барлығы үш миллионнан астам адам қоныс аударған. Негізінен кедейлер қоныс аударып, оның жартысынан көбі кері қайтып оралған.

Бірінші шегініс. Қазақты ұлт ретінде жою – әу бастағы жоспар бола-тұғын. Түбін қуаласақ, империалистік Ресейге бір-ақ жетеміз. Столыпин реформасы. Бұл жоба бойынша, қазақты шөлейт далаға қуып, орнына шұрайлы жерлерге шаруаларды алып келу, қоныстандыру еді.

Ол кезең орыс мұжықтарының жаппай бас көтеріп жатқан тұсы болатын. Ресейді революция елесі кезді. Болары анық апаттан Ресейді сақтау үшін наразы кедейді, революциялық пейілді байшықештерді сыртқа қарай қоныстандырмақ болды. Ынталандырудың бар амалы қарастырылды. Көшсе, ақша төленді, 10 жылға салық алынбады. Діттеген ой орындала бастады. Мәселен, 1906-1913 жылдар аралығында Ақмола, Торғай, Орал және Семей облыстарына 430 мың отбасы көшіп келген. Патша әкімшілігі мұжықтардың қолына мылтық та берді. Қолға қару тигесін орыс ойранды бастады. 1916 жылғы қазақтың бас көтеруіне мұжықтардың бассыздығы себеп болған еді.

Ертеректе қалың қарағайлы жердің басым бөлігі Омбы губерниясына қарағандықтан, ағаштың көбін отап әкеткен. Сөйтіп, көшіп келушілер Талапкер, Красный кардон, Михайловка, Белый кардон елдімекені шекараларынан 1200 ондық жер бөлінген.

1917 жылғы Ұлы қазан көтерілісінен кейін ұжымдастыру іле қолға алынды. Ауылда бюро құрылып, Антон Худолей оның төрағасы болған. Бюроға партия мүшелері Моисей Кирнус пен Яков Громыко, комсомол мүшелері Макарыч Громыко, Михаил Чубаров, Иван Буланец, Харенко кірген. Бюро мүшелері үй-үйді аралап, ұжымшарға кіруге үгіттеген.

Сол уақытта көшіп келген халықтың дені сауатсыз еді. 2-3 сыныптық шала

білімі барлардың қасында 4 сыныпты аяқтаған Антон Игнатъевич Худолей ғана сауатты болып саналған. Жұрттың барлығы соған барып жүгінген. Кей шаруалар жерден айырылып қаламыз деген оймен ұжымшарға кіруден қорыққан.

Екінші шегініс. 1918 жыл. «Теңдік» ұранын ұстаным еткен большевиктер билікке көтерілді. Қылмысты жолмен. Төңкеріспен. Патшаны күшпен құлатса, ел екіге бөлініп азамат соғысы басталарын білді. Біле тұра барды. Құлатты. Міне, осы тұстан бастап қазақ үшін қасірет дәуірі басталды. Тұран топырағы «қызыл» мен «ақ» болып қырқысқандардың майдан даласына айналды. Ақтар болыспады деп бопсалады. Қызылдар да қырғын жасады. Дәл осы соғыс жылдары большевиктер «әскери коммунизм» саясатын түзді. Ол бойынша басы артық мүлік мемлекетке өткізілу керек делінді. Алайда, артық өнім емес, соңғы өнімге дейін күшпен тартып алу саясаты жүріп жатқан еді. Әрі қуаншылық, қыстың ұзаққа тұруы да жағдайды қиындатты.

Коммунистер әскери коммунизмінің түбі құрдым екенін тек 1921 жылы ғана түсінді. Содан кейін «Жаңа экономикалық саясат» бағдарын түзді. Бірақ, бұл тыныс та ұзаққа созылған жоқ еді. 1925 жылдың күзінде Қазақстанға қызыл жендет Филипп Голощекин жіберілді. Келе сала, «қазақ ауылы Қазан лебін сезінген жоқ, сондықтан «Кіші қазан» төңкерісін жасау қажет» деп лепірді.



1927 жылы Моисей Кирнус, Степан Василенко, Степан Демиденко, Семен Кривонос бастаған топ жер өңдеу жөніндегі серіктестік құрған. Сөйтіп, шаруаларды ұжымшарға құрамына кіруге шақырған. Насихат жұмысы оңайлыққа түспеген.

Үшінші шегініс. 1928 жыл. Байлардың мүлкін тәркілеп, жыртқық қалтаны сонымен толтырмақ болды. Қаулы бойынша, мал басы 150-ден асса бітті, талапайға түсуі тиіс делінді. Не керек, сол заманда мыңға тарта дәулетті кісі бай-құлақ аталып қудаланды. Атылды, жер аударылды.

Бірақ, тартып алған мал-мүлік – жұмысшыға жұқанақ болмады. Жиналған мал 2 миллионнан сәл-ақ асатын. 40 миллион қойы бар қазақ үшін бұл түк емес.

Енді кеңесшіл көсемдер индустриялды қалаларды асыраудың бір-ақ амалы – ауылды реформалау деп шешті. Ол үшін – тұрмыс қолайына қарай, жайылым-қыстауына орай қоныстанған елді бір жерге ұжымдастыру керек екен.

Жаппай ұжымдастыру былай жүрді. Айналасы 200-300 шақырымдағы түгел ауылды бір жерге иіріп жинады. Мыңғырған малды алаңқай сызып, арқан тартып сонда сақтамақ болды.

1929 жылы «Красный пахарь»



Ауылым – алтын бесігім

Кәсіпкер Кучина

Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев кәсіпкерлікке барынша қолдау көрсету мәселелеріне жіті көңіл бөлуде. Оның «Шағын кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік қолдауды күшейту және оны жандандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы да осы мәселеге арналғанын көзі ашық, көкірегі ояу жандар жақсы біледі. Мемлекет басшысы әрдайым құқықтық және қаржы-материалдық базаны одан әрі жетілдіріп, жер-жерде азаматтарды шағын бизнеске тарту үшін қолайлы жағдай жасалуына жоғары талап қойып, бұл мәселені ұлттық экономиканың стратегиялық аса маңызды секторы ретінде қарастырып келеді.



Осы мәселенің сара жолға қойылуының арқасында, 2007 жылдан жеке кәсіпкерлікпен шұғылданып, халық тұтынатын тауарларды саудалайтын дүкен ашқан Л.В.Кучина ақтаулықтардың ризашылығына бөленіп келеді. Оның бір себебі, ауыл тұрғындары азық-түлік өнімдерімен қоса, күнделікті тіршілікке қажетті киім-кешек, тұрмыстық заттарды алысқа бармай-ақ, қолжетімді бағамен жергілікті жерден сатып ала алады.

Екінші себебі, «Кучина Л.В.» жеке кәсіпкерлігі – тәртіпті салық төлеушілердің бірі.

Өз қаражатымен қолға алған кәсібі бүгінгі таңда бірқалыпты табыс әкелуде. Отағасы Геннадий Викторович пен ұлы Александр, қызы Наталья да отбасы бизнесінің өркендеуіне айрықша үлестерін қосуда.

Любовь Васильевна алдағы уақытта қаражат жинастырып, «Асем» атты дүкенінің өсемдігі мен көркемдігін көпшілік көңілінен шығатындай етпек мақсаты бар екенін айтты. Реті келсе, тауарлар санын, түрлерін көбейтіп, қызмет көрсету сапасын жоғарылата түспек.

Кәсіпкер – ол тәуекелге баратын кісі. Тәуекелге бармас бұрын істелетін істің егжей-тегжейін айқын талдап, қорытындысында не болатынын таразылайтын адам.

Қазақстан Республикасының экономикасын дамыту үшін біршама үлесін қосатын сала – кәсіпкерлік. Қазіргі таңда мемлекет кәсіпкерлікті қолдап отыр және көптеген шаралар жүргізілуде. Егер кез келген жұмыссыз мемлекет тарапынан осындай қолдауды сезінуі үшін, жеке кәсібін ашып, өз бетінше тіршілік көзін табуға ұмтылыс жасаса, еліміздің экономикасы алға қарай өрлейтініне күмән жоқ.

Білім беру белесі

«Әкім бол, халқыңа жақын бол». Иә, ауыл басшысы ел басқарып қана қоймай, кез-келген сала мамандарымен ортақ тіл табысып, олардың ісін ілгерілетуге жетелейтін ақыл-кеңестерімен бөлісіп, пікір алмаса білуі шарт. Толғандырған мәселелерді бірлесіп талқылап, ортақ шешім таба білуі керек.



Ақтау селолық округінің әкімі М.Е.Сағиев Березовка ЖББОМ директоры Т.Ж.Умиевпен жолығып, оқу жылының аяқталу барысы, мектеп түлектерінің ҰБТ-ға әзірлік деңгейі турасында сұхбаттасты. Биыл мектеп қабырғасынан 3 оқушы түлеп ұшады екен. Олардың білім деңгейі – орташа. Алайда, білім беру нәтижесін алдағы тестілеу айқындап бермек.

Сондай-ақ, әкім мектеп басшысына білім ошағының айналасын таза ұстап, 1-маусымда ашылған оқушылардың жазғы демалыс лагерінің жұмысын жіті қадағалауды тапсырды. Лагерь жұмысы 20 күнге созылады. Демалушылардың 2 мәрте тамақтануы, бағдарламада сан алуан зияткерлік, спорттық, мәдени шаралардың өткізілуі жоспарланған.

Округ әкімі Мақсат Ерсайынұлы мектептің жазғы ағымдағы жөндеу жұмыстарын сапалы түрде жасау қажеттігіне, алдағы оқу жылына оқушылардың, шағын орталыққа келетін тәрбиеленушілердің тізімін ретке келтіруді қазіргі уақыттан бастап, ауыл тұрғындарымен бірлесіп, жүйелі жолға қоюды қолға алудың маңыздылығына баса назар аударды.

Мектеп директоры Талан Жанбұтанұлы айтылған ескертпелер мен ұсыныстарды ескере отырып жүзеге асыратынын, ал, қандайда бір қиындықтар туындаған жағдайда, алдымен ауыл әкімін хабардар ететінін, оң нәтижеге бастайтын бағытты ұстанатынын айтты.

Рас, «кеңесіп пішкен тон келте болмас», ылайым, солай болғай!

Басты байлық – тұрғындар денсаулығы

«Әуелгі байлық – денсаулық». Әлбетте, он екі мүшенің ауырмағаны жақсы ғой. Дегенмен, адам баласының жас-кәрісіне қарамай, сан алуан сырқат түрлері бой көрсете қалатыны тағы бар емес пе?! Сондай жағдайда, ақ желеңді абзал жанның алыстан емес, ауылдан табылып, мезгілінде ем-дом жасағанына не жетсін?!

Березовка ауылындағы фельдшерлік-амбулаторлық пункт фельдшері Б.А.Алинованың еңбек өтілі – 36 жыл. Өзінің жауапкершілігі зор жұмысының жемісі – ауыл тұрғындарының дендерінің сау болуы деп білетін Баткен Әділханқызы өткен жылы 15 баланың жарық дүниеге есігін ашқанына масаттанатынын жасырмады. Үстіміздегі жылдың 5 айында 4 сәбидің туылғаны да жақсы көрсеткіш екенін айтты. Негізінен, ауыл халқының ауыр сырқаттардан аулақ, медициналық төтенше жағдайлардан қашық боп тұрған жайына шүкіршілік етуде.

Қарттықтан болатын ауруларға қарсы шаралар тиімді қолданылып, жоспарлы тексерістердің жүйелі өткізіледі екен. ФАП-та тегін берілетін дәрі-дәрмектер жеткілікті мөлшерде. Ал, ақылы түрде алынатын дәрілер Михайловка округінен тасымалданады. Осы ретте, Михайловка, Веселая роща округтерінің дәрігерлер жиі-жиі жәрдемдесіп, қол ұшын беріп отыратынын айтып өткен абзал. Себебі, дәріханасы, жедел жәрдем көлігі жоқ фельдшер көршілес округ орталықтарының медицина мамандарының көмегіне ұдайы жүгініп келеді.

Ақтаулықтарға облыстық денсаулық сақтау департаменті тарапынан жылына 2 рет, аудандық ауруханадан 1 мәрте жылжымалы медициналық пункт қабылдаулары ұйымдастырылады.

Медициналық пункт ғимараты да санитарлық жағынан таза, жарық әрі барынша жабдықталған десе болады. Бір ғана тілек – басы ауырып, балтыры сыздайтындар қатары жылдан-жылға азая түссе екен.

Бетті дайындаған – Е. Ахмет–Сәлім.



Руханият орталығы

Рухани білімнің, рухани мәдениеттің ауадай қажеттілігі, маңыздылығы ешқашан мәнін жойған емес. Адамзат баласы сол байлықтың көзін «Кітап» деген құдыреттен тапқан. Ғылым мен техника, жоғары технология дамыған ХХІ ғасырда да бәрінің бастау алар қайнар көзі – кітап.



Кітап – араб тілінде «жазу қоймасы» деген мағына береді. Кітапханада кітаптар өмір сүреді және оқырмандарға көмек береді. Кітапхана қазіргі кезеңде заман талабына сай жаңа технологиямен жұмыс жасап, ғаламтор жүйесіне қосылған. Өткізілген іс-шаралардың барлығы ақпарат беттерінде жарық көреді. Оқырмандарды қажетті ақпараттармен қамтамасыз етіп, әдістемелік көмек көрсетіледі. Түрлі конференциялар, поэзия сағаты, библиографиялық шолу өткізіледі. Сонымен, кітапхана оқырман келіп кітап алатын жер ғана емес, ақпараттық, сарапшылық ресурстарын пайдалануға арналған рухани, инновациялық орталық.

Березовка ауылындағы кітапхана өткен жылдың күзінде әкімдік ғимаратынан бөлінген жаңа бөлмеге көшірілген. Ауылдық округ әкімі Мақсат Ерсайынұлының бастамасымен, бюджет қаражатынсыз, жергілікті әкімдік қызметкерлерінің күшімен бос жатқан бөлменің жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Кітапханашы Е.В.Шайдт рухани орталықтағы кітап қоры 10 мың данадан асатынын, 400-ге жуық тұрақты оқырманның бар екенін айтты. Тақырыптық кездесулер, жоспарлы іс-шаралар ұйымдастырылып, мектеп ұжымы, ауыл тұрғындары атсалысатынына дән риза.

- Кітап оқыған адамның жаны таза, ой-өрісі ұшқыр болады. Кішіпейіл, мейірімді болуға, білімқұмарлыққа, төзімділікке үйренеді. Ендеше, кітап оқуды мақсат етіп, заман талабына сай маман болуға ниеттенген дұрыс деп ойлаймын. Өмірдің барша қызығы – кітапта. Мен кітапханашы болғанымға мақтанамын, – деді өз сөзінде Е.В.Шайдт.



Мектеп психологы - ғажап мамандық

*Мейірімге толсын бар құшақ,
Жақсы істер жайып желісін.
Ұрпақты дұрыс баулысақ,
Тәрбие берер жемісін...*

Елбасымыз Н. Назарбаев 2012 жылғы халыққа Жолдауында адам капиталын, адами ресурстарды дамыту керектігін баса айтып, психология мамандығының мәртебесін көтеруге қолдау көрсетті. Өйткені, психология ғылымы – адамтану жайындағы пәндердің арасындағы жетекші ғылым.

Шынында да, ұрпақты дұрыс баулу атананың, мектептің, қоғамдық ұйымдардың ынтымақты ісінің нәтижесінде жүзеге асатынын біз жақсы білуге тиіспіз. Мектеп – мемлекеттің келешегін даярлайтын білім мен тәрбие орталығы, ал осы орталықта әр шәкірттің жүрегіне жол табуға ұмтылып, олардың жан-дүниесіне қырағы көзбен қарап, оң бағыт-бағдар беріп отыратын жан – мектеп психологы десем қателеспеген болар едім. Сондықтан, Қазақстанның болашағы – жас ұрпақ десек, олардың еш алаңсыз жеке тұлға болып қалыптасуы үшін менің де, психолог-маман ретіндегі өз қолтаңбам болуы керек деп ойлаймын.

Мен өзімнің адамның жан-дүниесін зерттейтін ғажайып мамандығым арқылы жабырқаған көңілге қуаныш сыйлаймын, мазасызданып, қорқынышқа тап болса, болашағына сеніммен қарауға жетелеймін. Баланың ақылы, ой-сезімі мұғалімнің ерік-жігері, мол сабыры мен еңбекқорлығы арқасында жетіледі. Осы жолда бала өз тәрбиешісін, мұғалімін болашақтың бейнесіндей көріп, пір тұтатынын есте ұстауымыз қажет. Жүсіпбек Аймауытұлы айтқандай, мұғалім балаларға селқос қараса, олардың жан-қуаттарын кемітіп, толыққанды тәрбие бере алмайды. Мұғалімнің жүріс-тұрысы, ақыл-ой ерісі, іс-әрекеті, тәрбиесі мен шеберлігі оқушы психологиясына қатты әсер ететіні сөзсіз.

Өзім танысқан психологиялық еңбектердің ішінен ұлттық мақтанышымыз

Абай Құнанбаевтың кейбір психологиялық ойларына тоқтала кеткім келеді. Абай психологиядан арнайы еңбек жазбаған. Алайда, оның көптеген өлеңдері мен қарасөздерінен осы ғылымның сан алуан мәселелеріне байланысты түрлі ой-пікірлерді табу қиын емес. Ойшыл ақын шығармаларында адамның жеке басы мен жасына байланысты ерекшеліктері, өзін-өзі тәрбиелеу жайы, оқудың психологиялық негіздері, ұлттық мінез-құлық, тағы басқалар көрініс тапқан. Абай тұжырымдарының ауқымы мен тереңдігі оның әлем психологтарының еңбектерімен таныс болғандығын айқын дәлелдейді. Өз тәжірибемде Абайдың психологиялық көзқарастарын оқушыларға жеткізе отырып, тоқсан жолдың торабынан қай жолға түсерін білмей дағдарғандарға ой тастаймын. Адамды бүкіл тіршілік әлемінен ерекшелейтін – оның ерекше жетілген психикасы. Олай болса, сол психиканың дұрыс дамуына өз дәрежесінде ықпал ету – біздің қолымызда.

Мен үшін оқушының қызығушылығы, бейім-қабілеті және басқа да психологиялық ерекшеліктері үнемі басты орында. Мектеп психологының негізгі жұмысы оқушымен, мектеп ұстаздарымен, ата-аналармен байланысты болады. Осы үш одақтың бақылауы мен қамқорлығы өз мәнінде болуы керек. Тәрбие бір қалыпты беріліп, балаға, оның күшіне сену аса маңызды. Ал, қатыгездікпен жазалау баланың тұлғалық даралығын жояды.

Бала дұрыс өсу үшін оған сүйіспеншілік, өз күшіне сенушілік керек, әр бала үлкендер үшін өзінің қажетті, бағалы екенін сезінуі керек. Бір ғана «жарайсың» деген қарапайым сөздің өзі бала бойындағы мазасыздық пен қобалжуды азайтады.

Сондықтан, мен шәкірттерімді қолдай отырып, жан жылуымды шәкірттеріме сыйлауды өзімнің ұстаздық парызым деп санаймын.

Менің мамандығым – ғажап мамандық!

**А. Ахмедова,
Ш. Уәлиханов ауылы ЖББОМ
психологы.**

100 нақты қадам

Мен болашаққа көп үміт артамын...

Менің қазіргі алға қойған мақсатым – оқуым мен өзімнің сүйікті хоббиімді өмірде үздіксіз пайдалану. Ол үшін адамда өзінің бойында осы мамандыққа деген сүйіспеншілігі мен өзіне деген сенім болу керек. Бұл мамандыққа жету екінің бірінің қолынан келе бермейді. Қасиетті домбыра шертуді балабақшаға барған күннен бастап армандайтынмын. Сол арманым орындалған сияқты, биыл үшінші жыл домбыра сыныбында сабақ алып жүрмін. Осы арманымды орындауға көмектескен, домбыра шертуді үйреткен ұстазым Е.Кисановқа

алғысым шексіз. Былтыр облыстық іріктеу турынан өтіп, республикалық конкурста «Домбыра соло» аталымынан III жүлделі орынды жеңіп алдым. Мұғалім де осындай жетістікке жетті. Қазақтың қаракөз достарыма айтарым – ұлттық аспаптарымызда ойнау арқылы елімізді әлемге танытып, Қазақстан балаларының жолының нұрлы болуына алға бастайық!

**А. Мұхаметқали,
Железин №3 ЖББОМ
6 «а» сынып оқушысы.**

Нұрлы жолмен - болашаққа нық қадам

«Отан отбасынан басталады» деген ата-бабамыз. Шын мәнінде, әрбір отбасы – өзінше бір Отан. Ол – біздің жанымыз жабырқағанда, қуанышқа бөленгенде ішкі тебіреністерімізді бөлісетін және өзімізді еркін, жайлы сезінетін баспана, жылы ұямыз. Отбасы – шағын Отан. Оның басшысы отбасының қамқоршысы мен тіреуі – әке. Менің әкем – спорт маманы. Мен де әкеме ұқсап, қазақ халқының атадан балаға мирас болып келе жатқан төл мұраларының бірі – тоғызқұмалақты таңдадым.

Біздің еліміз тәуелсіздік алғаннан бері спорттың бір түрі – тоғызқұмалақ ел арасында кеңінен насихатталып, жарыстар жүргізілуде. Мен аудан, облыс көлемінде өткен тоғызқұмалақ сайыстарына қатысып, жүлделі

**Д. Жұмағазы,
Железин №3 ЖББОМ
7-сынып оқушысы.**

Ұмытылмас саяхат

Мен, Сабина Сагнаева, Железин ауданының №3 орта мектебінің 6 «а» гимназия сыныбында оқимын. Өткен оқу жылында бірнеше байқауларға белсене қатысып, жүлделі орынға ие болдым. Оның ішінде математика пәнінен өткен олимпиадада II орын алған едім. Сөйтіп, «Бөбек» сауықтыру лагеріне жолдамаға ие болдым.

Міне, мектебіміздің соңғы қоңырауы соғылғаннан кейін, Алматы қаласындағы Алатау етегінде болып орналасқан «Бөбек» сауықтыру лагеріне бір апталық демалысқа барып, демалып қайттым. 1 апта болса да, әр күні біз үшін әрі көңілді, әрі қызықты болды.

Лагерь бағдарламасында оқушылардың денсаулығын нығайту мақсатында, «Тұзды шахта» атты тұзды ауамен демалу, бассейнде жүзу, психологпен тренингтер өткізілді. Хайуанаттар бағы барып, әр түрлі жануарларды көріп, серуендедік. Көңілімізді көтеріп атракциндарда ойнадық. Алматының ең әдемі жерлерінің бірі – Көктемге көтеріліп, алақандағыдай әсем қаланы тамашаладық.

«Бөбек» лагерінде планетарий бар. Және жұлдыздар әлемін зерттеу ойынына қатысып, ғарыш, жұлдызнама белгілерімен таныстық. Сонымен қатар, лагерь бағдарламасында күнделікті спорттық сайыстар, дискотекалар болды. Осы қысқа мерзімде, уақыт өте көңілді болып өтті. «Бөбек» лагері жайында жақсы әсер алдым.

**С. Сагнаева,
Железин №3 ЖББОМ
6 «а» сынып оқушысы.**



Мәдениет мәйегі


Жүлдемен оралды

23-мамыр күні Железин селолық Мәдениет үйінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Айгөлек» балалар байқауында Прииртышск ауылынан келген А.Нұрмақанова бас жүлдені қанжығасына байлап, облыстық байқауға жолдама алған болатын.

«Жауқазын» облыстық байқауы маусымның 1-күні Павлодар қаласындағы «Шаңырақ» орталығында өткізілді. Оған Павлодар, Ақсу, Екібастұз қалалары және облыс аудандарынан өнерлі жасөспірімдер қатысты. Аталмыш конкурста Анель Нұрмақанова «Зимушка, зима» және «Мой Казахстан» әнін орындап, жүлделі 3-орынды иеленді, Құрмет грамотасымен және бағалы сыйлықпен марапатталды.

Анельге тілейтініміз – шығармашылық жолына сәттілік!

**Қ. Тастанбекова,
«Железин СМУ» КМҚК
көркемдік жетекшісі.**



Күлімдеп, міне, жаз келді

**Махаббат, мейірім, ән мен күй,
Ойын, күлкі, жаз келді.
Тамаша, өмір, шаттық жыр,
Қала, дала ой мен қыр,
Ерекше жаз биыл жаз –
Төгілген көктем алтын нұр.**

(Ж. Жабаев)

Балалардың көптен күткен жаз айлары да сағындырып жетті- ау! Ауа-райы қолайсыз болса да, көңілге орнаған қуаныш пен шаттықты ешнәрсе өшіре алмайды. Жер-Ана бусанып, жасыл желекке оранды. Өзінің сұлулығымен адамды баурап, елжіретеді.

Осындай тамаша пейілмен келген жаздың бірінші күні – Балаларды қорғау күнімен дәл келді. Алакөл мектебінде қуаныш – мектепте «Артек» сауықтыру лагері салтанатты түрде ашылды. Оған отыз оқушы қатысады. Өлең, би, тақпақтар айтылды. Балаларға ертегілер елінен «Қарақшылар аңызы» атты ауқымды көрініс көрсетілді. Кейіпкерлерді мұғалімдер сомдады. Олар төменгі сынып мұғалімдері, мектеп кітапханашысы, психолог, аға тәлімгер т.б.

Балалар «Достық, шаттық, демалыс» ұранымен көк теңізде желкенді кемелермен саяхатқа шыққандай болды.

Мектепте «Артек» лагерінен басқа «Спортландия», «Электроник», «Салт-

дәстүр», «Жас тілші», «Жасыл Ел», «Меткий стрелок», «Вершки – корешки» атты лагерьлер жұмыс істейді.

Әр лагерьге кемінде 10-12 оқушы қатысады. Бұл жерде әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларының балаларымен, басқа да балалар 100% демалады. Барлық балалар тегін тамақпен қамтамасыз етіледі. Балалардың дастарқанын ет, макарон, нан, жеміс, шырын өнімдерімен қамтамасыз етіп отырған демеушілерімізге алғысымыз шексіз.

Олар – ауыл әкімі Н.З.Идрисов және «Пахарь» ЖШС шаруашылығының директоры С.С.Дүйсенов. Балалардың жазғы демалыстарының көңілді өтуіне мұрындық болып отырған осындай ел азаматтарына рахмет айтамыз. Әлі де болса зәру болып қалған жағдайда көмектеседі, қол ұшын береді деген ойдамыз.

С.С. Дүйсенов «Салт-дәстүр» лагеріне мектеп ауласына үлкен киіз үй тігіп беруді ұйғарып отыр. Бұл да біз үшін үлкен сый-сияпат. Лагерь жұмысы қызу басталып та кетті. Алда үлкен іс-шаралар мен саяхаттар күтіп тұр.

Мектебіміздің ауласынан балалардың сыңғырлаған күлкісі толастамасын. Еліміз аман, іргеміз мықты, балапандарымыз бақытты болсын!

**А. Таукешова,
тәрбие ісінің меңгерушісі.**

«Саржайлаудағы» демалыс көңілді өтуде

Железин №3 жалпы орта білім беру мектебінде балалардың жазғы демалысын қызықты, көңілді өткізу мақсатында, «Саржайлау» сауықтыру лагері жұмыс жүргізуде. Лагерьдің бірінші ауысымына 48-оқушы қамтылды. Балалардың жас мөлшері 6 жасан 12 жасқа дейін. Лагерьдегі демалыс уақыты – 20 күн. Жазғы демалу-сауықтыру алаңына аз қамтылған, көп балалы, толық емес және ата-ана қамқорлығынан айырылған отбасының балалары және тамақтануына ата-аналары ақшасын төлеп, қатысып жүрген оқушылар да бар. Жазғы лагерьге қатысушылар «Құлыншақ» және «Қошақан» тобына бөлінген.



Лагерьдің жұмыс уақыты сағат 8.30-да басталып, 17.00-ге дейін жұмыс жасайды. Жұмыс балаларды қабылдаудан басталып, таңғы жаттығумен жалғасады. Оқушылар таңғы ас ішкен соң, жоспар бойынша, әр күні әртүрлі сабақ өткізіледі, мультфильмдер көрсетіледі. Түскі астан соң, балалар жуынып, ұйықтайды. Лагерьге қатысушылармен әртүрлі «Ұлттық ойындар» ойналады. Кешке үйге қайтар алдында демалушыларға кешкі шәй беріледі.

Демалыстың әр күні арнайы жоспармен өткізіледі. Демалу-сауықтыру лагерінде Р.Ж.Абулханова, М.А.Джусупова, Ж.К.Шаймерденова қатарлы тәрбиешілер мен аға тәлімгер

Т.Е.Карибаев, кітапханашы Б.Б.Касанова, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, жаттықтырушы Д.Ж.Шатанов, медбике Қ.Қ.Шарипова, психолог Ж.Қ.Шаймерденова балалардың демалысы ойдағыдай өтуіне өз үлестерін қосуда. Оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыруда мектебімізге тәжірибеден өтуге келген М.Жалатбек, А.Ильясова, А.Билялова, А.Әбілқасова қатарлы қыздарымыз да көмек беруде.

Балалардың жазғы демалысын пайдалы әрі ұтымды өткізу мақсатында, көптеген іс-шаралар өткізілуде. Бірінші ауысымдағы демалушылардың қатысуымен, «Қазақстан балалары – Нұрлы

жолымен» атты асфальтта сурет салу, «Сәбидің күлкісі – әлемнің сыңғыры», «Бақытты балалық шақ», «1001 мақал, 101 жұмбақ» сайысы, «Экспресс- тренинг», «Ұлттық ойындар», «Ертегілер елін» сахналау қатарлы өткізілген іс-шаралар жазғы демалыс жұмысының мақсатын аша түсті.

Ал, «Біздің рәміздеріміз» атты шара барысында аудандық орталық кітапханада өткізілген кездесуде кітапханашы Г.А.Ашкенова балаларға Мемлекеттік рәміздер – Өнұран, Ту мен Елтаңбаның шығу тарихын айтып берді. Сонымен бірге, әр түрлі ойындар ойналып, сөзжұмбақтар жасырылып, мақал-мәтелдерді жалғастыру сияқты қызықты тапсырмалар берілді. Оқушылар тапсырмаларды қызығушылықпен орындады. Амангелді Айтмұхабет, Жумабеков Наурызбек, Кусаинов Әділбек, Жамалиден Несвелді, Мухамет Айтолқын, Қыдырбай Әлмира, Жамалиден Қуаныш қатарлы оқушылар еліміздің рәміздері туралы тапқақтар айтты.

Сондай-ақ, қызықты ойындар қатарындағы «Шар үрлеу» – шардың ішіндегі тапсырмалар, «Ағылшын тілін үйренеміз» – латын әріптерімен таннысу, доппен ойналатын «Қимыл қозғалыс ойындары», «Менің Отаным – Қазақстан» викторинасы, ұлттық ойындар – «Ормал тастау», «Ақсерек, көк серек» оқушылардың көңілін көтеріп, бойын сергітсе, «Менің отбасым», «Достық деген не?» тақырыбында сурет салу, флешмоб өткізіп билеу, «Ерте, ертеде...» халық ертегілерін оқу, «Сенім клубы» және «Жол жүру ережесі» танымдық сабақтары оқушылардың қызығушылығын арттырып, көңілдерінен шығуда.

**Н. Қуанған,
Железин №3 ЖББОМ
лагерь директоры.**

Железин ауданының 2016 жылғы қаңтар-сәуірдегі әлеуметтік-экономикалық дамуының қысқаша қорытындылары

ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЕКТОР

2016 жылғы қаңтар-сәуірде ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 1692,3 млн. теңгені құрады, бұл 2015 жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда 4,7%-ға төмен.

2016 жылғы 1-мамырға дейін ауданда ірі қара мал саны 18 басқа (0,1%), қой – 3367 басқа (9,7%), ешкі – 3 басқа (0,2%), жылқы – 800 басқа (13%), құс – 250 басқа (0,3%), шошқа – 135 басқа (5,2%) өсті.

Аудан бойынша алынған бұзау төлдерінің саны – 9209 бас (2015 жылға 95,6%), торай – 675 (80,1%), қозы – 9976 (100,1%), лақ – 367 (72,7%), құлын – 1016 (122,3%). 100 төлдейтін малға есептегенде бұзау түсімі 88 бас, торай – 109 бас, қозы – 57 бас, лақ – 52, құлын – 33 басты құрады.

2016 жылғы 1-мамырға дейін тіркелген заңды тұлғалар саны 169 бірлікті құрады, оның ішінде 158-і – жұмыс істейтіндер. Жұмыспен қамтылғандар саны 100 адамға дейін 167 кәсіпорын тіркелді. Жұмыс істейтін заңды тұлғалар арасында 156 шағын кәсіпорын бар.

2016 жылғы қаңтар-сәуірде бөлшек сауда көлемі (қоғамдық тамақтандыру айналымынсыз) 806,1 млн. теңгені құрады және 2015 жылғы қаңтар-сәуірмен салыстырғанда 6,2%-ға ұлғайды.

2016 жылғы қаңтар-сәуірде жүк айналымының көлемі 63,5 мың тмк құрады.

2016 жылғы қаңтар-сәуірде құрылыс жұмыстарының көлемі 7,8 млн. теңге құрады. Нақты көлем индексі – 15%.

2016 жылғы қаңтар-сәуірде негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар көлемі 744,4 млн. теңгені құрады және 2015 жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 2,4 есеге артты.

2016 жылғы қаңтар-сәуірде өнеркәсіп өндірісінің көлемі 865,7 млн. теңгені құрады, бұл 2015 жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда



33%-ға жоғары көрсеткіш.

2016 жылғы 1-мамырға дейін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің тіркелген заңды тұлғалар саны 54 бірлікті құрады, оның 47 бірлігі немесе 87%-ы жұмыс істейтіндер, яғни экономикалық қызметті іске асыратын немесе әлеуетті жүзеге асыра алатындар, 28 кәсіпорын (жұмыс істейтіндер санының 59,6%-ы) белсенді болды.

2015 жылғы 4-тоқсандағы ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржы нәтижесі – 6,5 млн. теңге сомасындағы залал (2014 жылғы 4 тоқсанда залал 5,7 млн. теңге).

ӘЛЕУМЕТТІК СЕКТОР

Үстіміздегі жылғы сәуір айында негізгі азық-түліктерді тұтынудың ең төмен нормалары негізінде есептелген күнөкірдің ең төмен деңгейінің шамасы 18520 теңгені құрады, бұл орташа облыс бойынша (18451 теңге) 0,4%-ға жоғары көрсеткіш.

2016 жылғы қаңтар-наурызда қызметкерлерге есептелген орташа айлық атаулы жалақы 74415 теңгені құрады және 2015 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда 18,3%-ға өсті. Нақты жалақы индексі 103,3% құрады.

2016 жылғы 1-сәуірге дейін аудан халқының есептік саны 16164 адамды құрады және 2015 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 167 адамға азайды.

**Б. Байгиреев,
Железин ауданы
Статистика басқармасының
басшысы.**

Күдікті зат тауып алған кездегі тұрғындарға арналған жаднама

Біліңіздер: заттардың сыртқы көрінісі оның расында неге арналғанын жасыруы мүмкін. Жарылғыш заттар үшін камуфляж есебінде әдеттегі тұрмыстық заттар қолданылады: сумка, пакет, түйіншек, қорап, ойыншық және т.б.

Табылған заттардың жарылу қаупін куәландыратын, белгілері:

1) көлік маңында, баспалдақта, пәтерде және т.б. орындарда белгісіз түйіншектің немесе басқада бір заттардың болуы;

2) бөтен сумка, портфель, қорап, басқада заттың: кіреберісте, пәтер есігінің, көліктің маңында өзгеше орналасуы;

3) табылған күдікті заттан шудың шығуы (сағат механизмі, жиілігі төмен дыбысқа тән).

Егер де сіз күдік тудыратын зат тауып алсаңыз, ол фактіні назардан тыс қалдырмаңыз:

1) қоғамдық көлікте:

- заттың (сөмкенің және т.б.) кімдікі екенін немесе кім қалдырып кетуі мүмкін екенін қасыңыздағы адамдардан сұраңыз;

- егер иесі анықталмаса, табылған зат туралы дереу жүргізушіге немесе кондукторға хабарлаңыз.

2) үйіңіздің кіре берісінде:

- көршілерден сұраңыз, мүмкін ол зат соларға тиесілі шығар. Егер иесі анықталмаса, табылған зат туралы дереу құқық қорғау органдарына хабарлаңыз (тел.: 102, 112).

3) көшеде, саябақта және т.б.:

- айналыңызға қараңыз, егер мүмкіндік болса, заттың иесін анықтауға тырысыңыз. Егер ол анықталмаса, құқық қорғау органдарына шұғыл хабарлаңыз (тел.: 102, 112);

- затты бөгде адамдардан оқшаулауға немесе алыс арадан затқа бөтендерді жібермеуге тырысыңыз. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері келген бойда зат табылған уақыт туралы ақпарат беріңіз.

4) мекемелерде, ұйымдарда:

- тауып алған зат туралы нысан күзетшісіне немесе әкімшілігіне дереу хабарлаңыз.

Табылған затпен немесе күдік тудыратын заттармен жеке **іс-қимыл жасауға тырыспаңыз**, олар жарылғыш құрылғылар болуы мүмкін, бұл жарылысқа, көптеген құрбандыққа, қирауға әкелуі мүмкін.

Үзілді-кесілді тыйым салынады:

- табылған затты ұстауға, ашуға және орнынан қозғауға, бір жерден екінші жерге апаруға, қолға алуға;

- табылған затты қалтаға, портфельге, сөмкеге салуға және т.б.;

- жерге көмуге немесе оларды су қоймаларына тастауға;

- заттардан шығып тұрған сым темірлерді немесе сымдарды үзіп тастауға немесе тартуға, оларды залалсыздандыруға тырысуға;

- табылған заңсыз затты пайдалануға;

- оған жақын аралықта радио және электрлі аппараттарын, ұялы телефондарды пайдалануға.

Адамдарды көпшілікке алған жағдайдағы іс-қимылдар бойынша тұрғындарға арналған жаднама

Адамдарды көпшілікке алудың әрбір нақты жағдайы өзгеше және басқалардан ерекшеленеді.

Сонымен қатар, егер сіз көпшілікке алынасыз:

1) өз-өзіңізге мүмкіндігінше жылдам келіңіз, тынышталыңыз және үрейленбеңіз;

2) егер өзіңізді байлап немесе көзіңізді жапса, бойыңызды еркін ұстауға тырысыңыз, терең

тыныстаңыз;

3) болуы мүмкін қатаң сынаққа жеке адами, моральдық және эмоционалды тұрғыда дайын болыңыз. Осы ретте адамдарды ұстаудың көптеген жағдайларында кепілге алынғандардың тірі қалғандығын есте сақтаңыз. Сізді босату үшін құқық қорғау және арнайы органдары кәсіби шаралар қолданып жатқанына сеніңіз;

4) егер қашып кете алатыныңызға толық сенімді болмасаңыз, қашуға тырыспаңыз;

5) террористер туралы мүмкіндігінше көбірек ақпаратты есте сақтаңыздар. Олардың санын, қарулану дәрежесін мақсатқа сай белгілеу, дене бітіміне, сөйлеу акценті мен тақырыбына, темпераментіне, өзін ұстау мәнеріне және т.б. сыртқы пішінін сипаттайтын ерекшеліктерге көңіл аударып отырып, барынша толық кескінін жасау. Жан-жақты ақпараттың соңынан террористердің жеке бастарын анықтауда көмегі тиеді;

6) әр түрлі белгілер бойынша өзіңіз отырған (қамалған) орынды анықтауға тырысыңыз;

7) мүмкіндігінше терезелерден, есіктерден және адам ұрлаушылардың өздерінен алысырақ, яғни құқық қорғау органдары белсенді шаралар қабылдаған жағдайда (үй-жайға шабуыл, мергендердің қылмыскерлерді көздеп атуы және т.б.) неғұрлым қауіпсіз жерге орналасыңыз;

8) ғимаратқа шабуыл жасаған жағдайда қолды желкенізге қойып, еденге етпеттеп жатуды ұсынады;

9) егер шабуыл жасаған

және басып алған кезде Сізбен әдепкіде (Сіздің жеке басыңызды анықтағанға дейін) ықтимал қылмыскер ретінде бірқатар дерекі іс-әрекетке барса, ашуланбаңыз. Сізді тінтуі, қолыңызға кісен салуы, байлауы, эмоционалдық немесе жеке басыңызға жарақат жасауы, тергеуге алуы мүмкін. Бұл тәрізді жағдайларға түсіністікпен қараңыз, шабуылдаушылардың мұндай әрекеттері (барлық адамды түпкілікті сәйкестендіргенге және шынайы қылмыскерлерді анықтағанға дейін) дәлелденген.

Адамды ұрлаушылармен өзара қарым-қатынас:

1) агрессивті қарсылық көрсетпеңіз, шалт және қауіп төндіретін қимыл жасамаңыз, террористерді өздері ойластырмаған іс-әрекеттерге итермелемеңіз;

2) мүмкіндігінше адам ұрлаушылармен тікелей көзбен арбастып байланыстан қашыңыз;

3) бастапқыдан-ақ (әсіресе, бірінші жарты сағатта) адам ұрлаушылардың барлық бұйрығын және өкімін орындаңыз;

4) пассивті ынтымақтастық позициясын ұстанаңыз. Сабырлы дауыспен сөйлесіңіз. Басып алушылардың ашу-ызасын тудыруы мүмкін дұшпандық рең мен іс-қимылға шақыратын жек көрушілік сезімін білдіруден қашыңыз;

5) өзіңізді сабырлы ұстаңыз, бұл ретте өз абыройыңызды сақтаңыз. Үзілді-кесілді қарсылық жасамаңыз, бірақ өзіңізге өте қажетті жағдайда сабырмен өтініш жасаудан қорықпаңыз;

6) аталған жағдайда қатты күйзелуден қозғалуы мүмкін денсаулық кінәратыңыз болса, бұл туралы өзіңізді ұстап отырған адамдарға сабырлы түрде жеткізіңіз. Қалыптасқан жағдайларды ескере отырып, біртіндеп өзіңіздің жай-күйіңізді жақсартуға байланысты өтініштер деңгейін арттыруға болады.

Кепілдік жағдайында ұзақ болған кезде:

1) уайым, абыржу және асыпасу сезімінің орын алуына жол бермеңіз. Алдағы сынақтарға өзіңізді ойша дайындаңыз. Ақыл-ой белсенділігін сақтаңыз;

2) ашыну сезімінің пайда болуынан қашыңыз, ол үшін өз-өзіңізді сендірудің ішкі ресурстарын пайдаланыңыз;

3) жағымды нәрселер туралы ойлаңыз және сондай жағдайларды еске түсіріңіз. Уақыт өткен сайын сізді босату мүмкіндіктерінің арта түскенін ойлаңыз. Сізді дәл қазір босату үшін барлық мүмкіндіктердің жасалып жатқандығына сеніңіз.

4) өзіңізге тұрақты айналысатын бір іс (дене жаттығулары, кітап оқу, өмір туралы естеліктер және т.б.) табыңыз. Дене және интеллектуалдық іс-қимылдың тәуліктік кестесін белгілеңіз, оларды қатаң әдістемелік тәртіппен орындаңыз;

5) күшіңізді сақтау үшін, тіпті ұнамаса және төбетіңізді ашпаса да берген тағамның бәрін жеңіз. Осындай қысылтаяң жағдайда төбетіңіз бен салмағыңыздың жоғалуы қалыпты құбылыс болып табылатындығына ден қойыңыз.

2006 жылдың 26-маусымында «ТМД қатысушы мемлекеттердің IV Халықаралық ашық жастар Дельфийлік ойындарын өткізу туралы» ҚР Премьер-Министрінің №177-р. өкімі қабылданған. Ал, 28-маусымда Қазақстан тарихындағы алғашқы «Баспасөз басылымдары және тағы басқа бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңның қабылданғанына 20 жыл толады (1996).

Кәсіби мерекелердің ішінде 19-маусымда – Медицина қызметкерлері күні (ҚР) (маусымның үшінші жексенбісі), 23-маусымда – Полиция күні (ҚР), Мемлекеттік қызметкерлер күні (ҚР), 26-маусымда – Нашарлыққа қарсы халықаралық күрес күні, 28-маусымда Байланыс және ақпарат қызметкерлері күні (ҚР) атап өтеледі.

Сондай-ақ, күнтізбе беттерінен Жеңіл өнеркәсіп



Маусым/Июнь

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
		1	2	3	4	5
6	7	8	9	10	11	12
13	14	15	16	17	18	19
20	21	22	23	24	25	26
27	28	29	30			

қызметкерлері күні (маусымның екінші жексенбісі, 12 маусым), Дүниежүзілік қуаңшылық және шөлейттенуге қарсы күрес күні (17 маусым), Дүниежүзілік босқындар күні (20 маусым), Халықаралық Олимпия күні (23 маусым), Нашарлық пен наша бизнесіне қарсы халықаралық күрес күні (26 маусым), Дүниежүзілік балықшылық күнін (27 маусым) орын алған.

Биыл 16-маусымда ҚазССР-інің халық әртісі, әнші, халық әндерін орындаушысы Мәдениет Сейтжанович Ешекеевтің туғанына 80 жыл (1936-1997), 18-маусымда ҚазССР-інің халық әртісі, әнші Гульвира Разиеваның туғанына 80 жыл (1936) толады.

Әзірлеген: Ер Елдің ұлы.

Ораза кезінде жасалатын жақсы амалдар

Ораза ұстағандарға мына нәрселерді жасау – мұстахаб. Ауыз бекіткен адам бір жұтым су да болса сәресіде тұрып, ішіп-жеу. Пайғамбарымыз (с.а.у.) бұл тұрғыда: «Сәресіге тұрыңдар. Өйткені, сәресің тамағында берекет бар» деген. Басқа бір хадисінде: «Сәресі тамағы берекет. Бір жұтым су да болса, оны тастамаңдар. Өйткені, Алла сәресіде тамақтанғандарға рақымдылық етіп, періштелері де олар үшін кешірім тілейді» дейді.

Сәресінің соңғы уақытына дейін отырып ауыз бекіту – мұстахаб, яғни жақсырақ. Пайғамбарымыз (с.а.у.) «Үмбетім ауыз ашарда асығып, сәресіні кешіктірген уақытта ерқашан жақсылықта» деген. Ораза ұстаған адамдар ақшам намазынан бұрын ауыз ашады. Себебі, намазда адамның көңілі ауыз ашуға ауып тұратындықтан, ауыз ашуға асығу – мұстахаб. Бұған жоғарыда айтылған хадис куә. Сонымен қатар, ауызды құрма немесе сумен ашу – сүннет. Пайғамбарымыз (с.а.у.) солай істеген. Ауыз ашарда мына дұғаны оқу – сүннет: оқылуы: «Аллаһумма ләкә сұмту уә бикә әәмәнту уә 'аләйкә тәуәккәлту уә 'ала ризқикә әфтарту уә сауәл-ғаді мин шәһри Рамадана нәуәйту, фәғфирлиі мәә қаддамту уә мәә аххарту».

Мағынасы: «Аллаһым! Сенің ризалығың үшін ораза ұстадым. Сенің берген ризығыңмен аузымды аштым. Саған иман етіп, саған тәуекел жасадым. Рамазан айының ертеңгі күніне де ауыз бекітуге ниет еттім. Сен менің өткен және келешек күнәларымды кешір».

Әр адам осы Рамазан айында елге пайдалы көптеген жақсылықтарды жасауға тырысуы керек. Осы ай – берекелі бір ай. Негізінде, ауызы берік жандармен бірге ауыз ашу және жоқ-жітіктер мен кедейлерге қол

ұшын беру – сауапты іс. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: «Ауызы берік жанды ауызашарға шақырып тамақ берген – ораза ұстаған адамның алатынындай сауап алады. Ауызы берік адамның сауабынан да еш нәрсе кемімейді».

Ауызы берік адамның жақсы сөздер сөйлеуі, бос сөз бен орынсыз іс-қимылдардан бойын аулақ ұстап байсалдылық танытуы – мұстахаб. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: «Жалған сөйлеу мен жалған сөздермен әрекет етуді қоймаған адамның ішіп-жеуді ғана доғаруы Аллаға қажет емес». Басқа бір хадисінде: «Небір ораза ұстағандар бар. Олардың оразасында шөлдеу мен аштықтан басқа ешқандай пайдасы болмайды. Небір түнде тұрып, нәпіл ғибадат еткендер бар. Бірақ, бұл әрекетінен ұйқысыздықтан басқа ешқандай пайда таппайды».

Сонымен қатар, Рамазанда «Мен оразамын» деу – сүннет. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: «Кімде-кім аузы берік болса, жаман сөз сөйлемесін. Дауыс көтеріп, айқай шығармасын. Біреу оған тіл тигізсе немесе онымен керісінсі келсе оған: «Мен оразамын» десін. Ауызы берік адам бос уақыттарын нәпіл ғибадаттармен, ғылыммен, Құран оқумен, зікір, салауат айтумен өткізу керек. Пайғамбарымыз (с.а.у.) Рамазанда Жебірейіл екеуі бір-біріне кезекпе-кезек Құран оқып, тыңдасатын». Жалпы, Рамазан айының ең соңғы он күнінде игіқағқа кіру – сүннет. Пайғамбарымыз (с.а.у.) Рамазанның ең соңғы он күнінде көп ғибадат жасайтын.

Т. Құсайынов,

Железин аудандық мешітінің имамы.

Сот төрелігі



3 жасқа дейінгі балаларға төленетін алименттерді медиация тәртібінде өндіру

«Неке және жұбайлық жөніндегі» ҚР Кодексінің 148-бабына сәйкес, ажырасқан жұбайы қаражаты бар күйеуінен жүктелік уақытында және 3 жасқа дейінгі балаларына алимент төлеуді сот арқылы талап етуге құқы бар. Алимент мөлшері және төлеу тәртібі жұбайлардың өзара келісуі немесе сот арқылы анықталады.



Железин аудандық соты қарастырған істердің бірі аталмыш мәселе тұрғысында болды. Азаматша А. 3 жасқа дейінгі баласына жауап беруші А.-дан алимент өндіріп алу үшін сотқа шағымданған. Ол жауап берушімен некесінің бұзылғанын, өзінің жұмыссыз екенін, екеуіне ортақ баланың тәрбиесімен шұғылданатынын, материалдық тұрғыда қорғауға мұқтаж жағдайын айтып, соттан жауап беруші тарапынан 7 АЕК мөлшерінде алимент өндіріп беруді өтінген.

Істі қарау барысында тараптар сот ісі процедурасының өткізілуін сұраған.

Нәтижесінде, тараптар дауды (кикілжінді) медиация тәртібінде реттеуге келісім жасап, жауап беруші баласына 3 жасқа толғанға дейін ай сайын алимент төлеп отыруға міндеттенді.

Сот, аталмыш процессуалды шараның барысында, тараптарға түсіндірме жүргізіп, дауды (кикілжінді) медиация тәртібінде реттеу келісімінің мазмұнын тексеріп, іс туралы өндірістің тоқтатылуын бекіту жөнінде анықтама жасады.

Г. Аубакирова,

Железин аудандық сотының кеңсе меңгерушісі.

ҰЛТТЫҚ ОПЕРАТОР КАЗТЕЛЕРАДИО НАЦИОНАЛЬНЫЙ ОПЕРАТОР

ЦИФРЛЫҚ ЭФИРЛІК ТЕЛЕВИЗИЯ ЦИФРОВОЕ ЭФИРНОЕ ТЕЛЕВИДЕНИЕ

ОТАУ

- 30 ОТАНДЫҚ АРНАЛАРҒА ДЕЙІН
- АБОНЕНТТІК АҚЫ «0 ТЕНҒЕ»
- КЕСКІН САПАСЫ МЕН ДЫБЫС ТАЗАЛЫҒЫ
- БАРЛЫҚ ОБЛЫС ОРТАЛЫҚТАРЫНДА, АЛМАТЫ, АСТАНА ҚАЛАЛАРЫНДА ЖӘНЕ ТОЛЫҒЫМЕН МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА

- ДО 30 ОТЕЧЕСТВЕННЫХ КАНАЛОВ
- «0 ТЕНГЕ» АБОНЕНТСКОЙ ПЛАТЫ
- ЧИСТОТА ЗВУКА И КАЧЕСТВО ИЗОБРАЖЕНИЯ
- ВО ВСЕХ ОБЛАСТНЫХ ЦЕНТРАХ, г. АЛМАТЫ, АСТАНА И ПОЛНОСТЬЮ В МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

Call-center: +7(727) 244 45 00 (і.н./в.н. 2264, 2265, 2266)
e-mail: abonent@otautv.kz
www.kaztelradio.kz

САМ-модуль немесе қабалдағы аралы қосылу мүмкіндігі бар. Подключение возможно через принятие или САМ-модуль.

лицензия № 1231832

Улы газ - өлім себебі

Өрт шығуының басты себебі – адамдардың от қолдануда абайсыз болуы, әсіресе мас күйінде темекі шегуі. Жану ошағы басқа бөлмеде болса да улы газбен улану әбден мүмкін, өйткені көміртек тотығы түтінмен бірге жайылғанмен, бөлме қабырғалары мен маңайдағы заттарға қонбайды. Оның концентрациясы бірер минут ішінде күрт жоғарылайды және ауамен араласқан кезде ғана төмендейді. Адам улы газбен уланған кезде ағзадағы оттегінің алмасу механизмі бұзылып, оның тапшылығы пайда болады. Бұл ес білмей қалуға және өлімге әкеліп соқтырады. Улы газдың адам ағзасында жиналып, оның қорғану әрекетін тоқтату қабілеті болғандықтан, тіпті оның аздаған концентрациясы адамға әсер етеді. Алайда, адам улы газбен дем алып жатқанын сезбейді, бірақ біраз уақыттан соң басы ауырып, көру қабілеті нашарлап, басы айналып, жүрегі айна бастайды. Улы газдың әсерінен арылмаса, нақтылы уақытты сезіну қабілеті жоғалып, кеңістікте бағдарлау бұзылады. Егер адам көміртек тотығы бар бөлмеден шықпаса, қайғылы жағдайға душар болуы әбден мүмкін. Улы заттың әсері соншалықты – адам денесінің күйік алып жатқанын да сезінбейді.

Уланған адамға тез арада далаға шығуы қажет, ал ондай мүмкіндік болмаса, тым болмағанда даланың ауасымен дем алу мүмкіндігі бар бөлмеге баруы керек. Ол бөлмеге түтін газының келуін мейлінше болдырмау қажет. Улы газбен уланған адамды жатқан қалпында тез арада таза ауаға алып шығып керек те, алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсету қажет.

А. Ергалиев,

Железин ауданының ТЖБ инженері, азаматтық қорғаныс лейтенанты.

ЖОҒАЛҒАН 753 AD 14 мемлекеттік номерін тауып алғандардан сыйақыға қайтарып беруді өтінемін.
Тел.: +77051291789

Аудандық “Туған өлке” газетіне

ЖАЗЫЛУ ЖҮРУДЕ

“Туған өлке” газетіне

6 айға жазылу құны:

жеке тұлғалар үшін -

1472 теңге,

заңды тұлғалар үшін -

1832 теңге.



Н. Мукашева, Д. Хименко,
Березовка ЖББОМ оқушысы.

Байланыс телефоны: 2-18-58, 2-17-84

E-mail: tуган_olke@mail.ru
ТУҒАН ӨЛКЕ

Редакцияның мекенжайы:
Железинка ауылы,
Әуезов көшесі, 10.
Тел/факс: 2-18-58

Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы 25.07.2013 жылы №13754-Г куәлігі берілген.

“Нұрлы мекен жаршысы” ЖШС “Туған өлке” аудандық газеті ЖШС директоры (бас редактор) М. МҰХАМЕТ. Кезекші редактор Е. Ахмет.

Газет редакцияда компьютермен теріліп, беттеліп, Павлодар қаласындағы «Дом печати» ЖШС баспаханасында басылды. Павлодар қаласы, Ленин көшесі, 143 үй. Сенбі күндері шығады.

Меншік иесі: “Нұрлы мекен жаршысы” ЖШС (Павлодар облысы)

Автордың жеке пікірі үшін редакция жауап бермейді. Қолжазба, фотосурет авторға қайтарылмайды.

Тапсырыс № 1115

Таралымы 625 дана